Түркістан облысының білім басқармасының Арыс қаласының білім бөлімінің «И.Жүрба атындағы жалпы білім беретін мектеп» коммуналдық мемлекеттік мекемесі

**Бұйрық №** 70

**29.01.2026**

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың 2022 жылғы 1 қыркүйектегі Қазақстан халқына Жолдауынан дәйексөз «Әділ мемлекет. Бір ұлт. Өркендеген қоғам», 1 тарау Жаңа экономикалық саясат: - «Бізге мемлекеттік сатып алудың сапалы жаңа жүйесін құру керек. **Ең төменгі баға емес, сатып алынатын тауарлар мен қызметтердің сапасы басымдық болуы керек**».

2022 жылдан 2024 жылға дейінгі кезеңде тауарлар мен қызметтер баға ұсыныстарын сұрату, ашық конкурс арқылы сатып алынды, тәжірибе сатып алынған тауарлар мен қызметтердің сапасыз екенін көрсетті, бұл туралы Мемлекет басшысы өз Жолдауында атап өтті.

Көбінесе бір реттік және ай сайынғы қызметтерді көрсететін өнім берушілер байланысқа шықпайды, қызметтерді үзіліспен көрсетті, сапасыз тауарларды жеткізіп, сол арқылы мемлекеттік кәсіпорындарға, мекемелерге және жалпы мемлекетке зиян келтіреді, өйткені мемлекеттік кәсіпорындар мен мекемелер мемлекет атынан шығып отыр. Тауарлар мен қызметтердің төмен бағалары мен сапасының төмендігі нәтижесінде мемлекеттік сатып алулар туралы шарттар бұзылып, жаңа сатып алу рәсімдері жүргізілді, бұл өз кезегінде мемлекеттік саясаттың күткен нәтижелеріне әкелмеді. Қайта сатып алулар процестері мерзімдердің кешігуіне және қаражаттың игерілмеуіне әкелді, бұл рейтингтерге, заттық және материалдық емес нәтижелерге ие болған тапсырыс берушінің қажеттіліктерін қанағаттандыруға теріс әсер етті. Аз сомаға сатып алу сапасыз және жосықсыз өнім берушілердің көбеюіне, сондай-ақ қажетсіз әкімшілік істердің туындауына алып келді.

Осыған байланысты, Мемлекет басшысының Жолдауын іске асыру мақсатында және 16-бап 3-тармақ 1-тармақша, егер біртекті тауарлардың құндық мәндегі жылдық көлемі айлық есептік көрсеткіштің бір жүз еселенген мөлшерінен аспаса, осындай біртекті тауарларды, егер біртекті жұмыстар мен көрсетілетін қызметтердің құндық мәндегі жылдық көлемі айлық есептік көрсеткіштің бес жүз еселенген мөлшерінен аспаса, осындай жұмыстар мен көрсетілетін қызметтерді, ал аудандық маңызы бар қалалар, ауылдар, кенттер, ауылдық округтер әкімдерінің аппараттары үшін республикалық бюджет туралы заңда тиісті қаржы жылына белгіленген айлық есептік көрсеткіштің төрт мың еселенген мөлшерінен аспаса, сатып алу «Мемлекеттік сатып алу туралы» Қазақстан Республикасы Заңы бойынша, сонымен қатар басқа компаниялардың альтернативасы негізінде, ең төмен баға таңдалып, оның ішінде **сатып алынатын тауарлардың, жұмыстардың, көрсетілетін қызметтердің бағасы мен сапасы арақатынасын** қамтамасыз ету арқылы оңтайлы және тиімді жұмсау негізінде "Оңтүстік Жарық Транзит" жауапкершілігі шектеулі серіктестігі электр энергиясымен қамтамасыз ету үшін қызметтерді мемлекеттік сатып алу туралы тікелей шарт жасасу арқылы бір көзден сатып алу туралы шешім қабылданды.

Ұсынылған бағалық ұсыныстардың ең төменгі бағасы негізінде қызмет көрсетуші – ""**Оңтүстік Жарық Транзит**" жауапкершілігі шектеулі серіктестігі" жауапкершілігі шектеулі серіктестігі таңдалды.

**Мектеп директоры** **М.Мұстафа**